



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Жаратылыстану-география факультеті



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Сіздерді көрнекті ботаник-ғалымдар, профессорлар **Есенбай Ағелеуұлы Ағелеуов пен Анатолий Захарович Петренконы** еске алуға арналған «**Жайық өзені алабы және іргелес аумақтардың экожүйелері: қазіргі жағдайы және сақтау стратегиялары**» атты «Иванов оқулары – 2026» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырады.

- **Есенбай Ағелеуұлы Ағелеуов (1936–1996)** — белгілі фитоценолог-ғалым, биология ғылымдарының докторы. Жайық өзенінің бастауынан сағасына дейінгі аралықта жайылма шалғындық қауымдастықтарының флорасы мен өсімдіктер жамылғысына терең зерттеулер жүргізді.
- **Анатолий Захарович Петренко (1936–2010)** — көрнекті геоботаник, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры. Солтүстік Каспий маңындағы орман және сайлы жердегі өсімдіктер жамылғысын зерттеуге іргелі үлес қосты, олардың қорғалуына ерекше назар аударды.

Конференция **2026 жылдың 25-26 қыркүйегінде, жергілікті уақыт бойынша сағат 11.00-де өтеді.**

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

1. А.З. Петренко мен Е.А. Ағелеуовтың ғылыми мұрасы: жайылма экожүйелерінің биоалуантүрлілігі мен динамикасы.
2. Солтүстік Каспий маңының флорасы мен фаунасы: таксономиялық құрамы, сирек және эндемикалық түрлер.
3. Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды ғылыми зерттеулерде және жаратылыстану пәндерін оқыту әдістемесінде қолдану.

Конференция тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Форматы: аралас (офлайн және онлайн).

Қатысу шарттары:

Конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне көрсетілген мерзімдерге дейін төмендегі құжаттарды ұсыну қажет:

- қатысуға өтінім – 2026 жылғы 30 мамырға дейін;
- мақала мәтіні (e-mail арқылы жіберу: ivanov.okulary2022@mail.ru) – 2026 жылғы 15 шілдеге дейін;
- төлем туралы түбіртектің көшірмесі (жинақтың баспа нұсқасы үшін).

Жарияланым құны:

- Электрондық жинақ: **тегін.**
- Жинақтың баспа нұсқасы (қалауы бойынша): **8000 теңге.**

Банк деректемелері: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БҚФ, ИИК KZ176010181000011617, БИК HSBK KZ KX, БИН 000340002393, Кбе 16.

Төлем мақсаты: «Иванов оқулары – 2026» конференция материалдары жинағында мақаланы баспа форматында жариялау», бірінші автордың тегі (төлемді Kaspi және Halyk Bank қосымшалары арқылы жасауға болады).

Конференцияға келуге байланысты шығындар қатысушылардың немесе жіберуші ұйымның есебінен жүзеге асырылады.

Материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- **Редактор:** Word, формат А4.

- **Қаріп:** Times New Roman, 12 кегль. Жоларалық интервал – бірлік.
- **Жиектері:** жоғарғы/төменгі — 20 мм, сол жақ — 30 мм, оң жақ — 15 мм.
- **Көлемі:** 5–7 бет.
- **Құрылымы:** 1. УДК (жоғарғы сол жақта). 2. Мақала атауы (бас әріптермен, қалың қаріппен, ортасына). 3. Автордың аты-жөні (инициалдары мен тегі, курсив, оң жақта). 4. Ұйым атауы, қала, e-mail (курсив).
- **Мақаланың ұсынылатын құрылымы:** Аннотация (5–7 сөйлем) және түйінді сөздер (мақала тілінде). Кіріспе: тақырыптың өзектілігі, зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Материалдар мен әдістер: зерттеу нысаны, аймағы және қолданылған әдістемелердің сипаттамасы. Нәтижелер және талқылау: негізгі нәтижелерді кестелер мен суреттер арқылы баяндау. Қорытынды: жұмыс бойынша қысқаша тұжырымдар. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (МемСТ. 7.05–2008).

Мақаланы рәсімдеу үлгісі

ӘОЖ 581.5

**ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІ АҢҒАРЫНДАҒЫ ЖАЙЫЛМАЛЫҚ ЕМЕН ТОҒАЙЛАРЫНЫҢ
АНТРОПОГЕНДІК ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ**

А.Б. Петров – жаратылыстану ғылымдарының магистрі, оқытушы
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.,
petrov@mail.ru

Аннотация:

Түйінді сөздер:

Кіріспе:

Материалдар мен әдістер:

**Нәтижелер және талқылау
Қорытынды
Әдебиеттер тізімі**

1. Петренко А.З. Батыс Қазақстан облысының табиғи-ресурстық әлеуеті. – Орал, 2001. – 236 б.

Конференцияға қатысу туралы өтініш: (әр автор үшін жеке толтырылады)

Тегі, аты-жөні (толықтай)	
Ұйымның аты (жұмыс/оқу орны (толық) атауы)	
Қызметі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
Мақаланың тақырыбы	
Секцияның тақырыбы	
Мекен жай, телефон, e-mail	
Жарнасының төленуі жөнінде түбіртек	
Конференцияға қатысу түрі (офлайн және онлайн).	

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 121, М.Өтемісов атындағы БҚУ, жаратылыстану-география факультеті, №5 оқу ғимараты, тел.: 8(7112) 50-35-49.

Сұрақтар бойынша ұйымдастыру комитетіне хабарласу:

1. Бохорова Светлана Николаевна, сот. тел.: +77759063948
2. Утебалиева Бакжан Едигеқызы сот. тел.: +77055122439

Ұйымдастыру комитеті